

Оразымбетова А.Ш., Адильбаева А.М., Абдикул Ш.Н.
К.И.Сатпаев ат. Қазақ ұлттық техникалық университеті
Қазақстан республикасы Алматы қ.
akmora25@mail.ru
aleia_a80@mail.ru
[shynar.turarova\(g\).mail.ru](mailto:shynar.turarova(g).mail.ru)

ЛОГИСТИКАНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа. Басқаруда логистикалық тәсілдемені ұйымдастыру осы бағыттардың біреуі болып табылады. Логистикаға деген қызығушылықтың артуының себептері экономика және бизнес дамуының қажеттіліктерімен негізделген.

Түйін сөздер: логистика, нарықтың дамуы, фирма, қызмет ету, тасымалдау.

Нарықтық қатынастардың динамикалық дамуы және Қазақстан Республикасының экономикасының барлық салаларының үздіксіз қызмет етуі ұйымдастырушы құрылымдарды басқаруға арналған жаңа ғылыми-тәжірибелік тәсілдемелерді құрастыруды талап етті. Басқаруда логистикалық тәсілдемені ұйымдастыру осы бағыттардың біреуі болып табылады. Логистикаға деген қызығушылықтың артуының себептері экономика және бизнес дамуының қажеттіліктерімен негізделген. Қазіргі кезде, ұсыныс сұраныстан артық болып кетті, кәсіпкерлер жалпы шығындарды төмендету арқылы өткізуді қамтамасыз ету маңыздығын мойындай бастады.

Логистика қазіргі менеджмент жүйесінде фирма және оның серіктестерінің жұмысын ұйымдастыруға арналған материалды, қаржылық және ақпараттық ағындарды басқаруды оңтайландыру кезінде уақыттық және кеңістік факторларды толық есепке алуды қамтамасыз ететін басқарушылық тәсілдеме ретінде қарастырылады.

Тасымалдауға кеткен шығындардың жылдам өсуі, өндіріс тиімділігінің шегіне жету, қорлар философиясындағы түбегейлі өзгерістер, өнімдік жолдардың құрылуы және компьютерлік технологияларының дамуы сияқты факторлар логистика дамуының негізгі тенденциялары болды.

Бұл таратудың дәстүрлі әдістерінің тауардың бағалары және инфляцияның өсуіне байланысты құны өсті; басқару деңгейінің жоғарлауы логистиканың тасымалдау аспектілеріне жақын деп қарастырыла бастады; өндірістік шығындарды біршама төмендетуге жету қиынға соғуда, өйткені өндірістен «барлық қаймақтар» алынып тасталды. Ал логистика фирманың шығындарын қысқартудың потенциалды мүмкіндіктері әлде де сақталатын облыс болып табылады. Компьютерлік технологиялар тәжірибеде логистика концепциясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені логистикалық басқару мәліметтердің үлкен массивін өндеуге байланысты.

Логистикалық жүйелердің қалыптасуы шаруашылықтың нарықтық моделінің эволюциясының зандылықты үрдісі болып табылады. Сондықтан логистикалық жүйелерді қалыптасуының және қызмет етуінің теориялық және тәжірибелік сауалдарын зерттеу және экономикалық қатынастарды жақсарту сияқты нақты басқарушылық шешімдерді табу қажеттігі туындады.

Салалық және аумақтық деңгейде логистиканың универсалды концепциясын қолданудың арналымы және нақты аспектілерінің жеткіліксіз өңделуі, жүйе ретінде бірлік логистикалық қызметтің жоқтығы ағындық үрдістердің координациясы үшін құрылған логистикалық жүйелердің қызмет ету механизмдерін зерттеу откізілетін жұмыстың актуалдығын және қажеттігін анықтайды.

Логистикалық тәсілдеме жүйеде материалдық ағындарды өткізу және қайта өндеу сызба-нұсқасын рационалдау, ақырғы тұтынушылардың қажеттілігін сапалы және толық қанағаттандыру үшін жүктерді жеткізу уақытын қысқарту мүмкіндігін береді. Бұдан басқа, олар олардың қызмет ету механизмдерін басқару және тиімді ұйымдастыру сауалдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Логистика облысында жасалатын қызмет көп қырлы және оған өндірісті, қолқанды, қойманы, қорларды, кадрларды, таратуды, ақпараттық жүйелерді ұйымдастыруды, коммерциялық қызметті басқару жатады. Аталған функцияларының әрқайсысы терең зерттелген және ғылымның әрбір саласында сипатталған. Логистикалық тәсілдеменің жаңалығы - үйлесімді өзара байланыс, бір материал өткізгіштік жүйеге жоғарыда аталған облыстардың интеграциясы. Логистикалық тәсілдеменің мақсаты - материалдық ағындарды басқару.

Материалдық ағындарды басқарудың сауалдары әрқашан шаруашылық қызметтің маңызды мәселесі болған. Бірақ олар бізде Қазақстанда тек ХХ ғасырдың аяғында ғана экономикалық